

Орыс сыныптарына арналған қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып

Еңбек адамдары



Оқу мақсаты: 10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;



Әрекеттер тәртібі	Ресурстар (Мұғалім толтыру керек)	Орындалуы 10балл
Біл	1-тапсырма. Ойтүрткі. Ғ.Мұстафиннің «Қараганды» романының негізгі кейіпкері кім? Ол қандай мамандық иесі?	Дәптерге жазамыз. Жиырма сегізінші қыркүйек Сынып жұмысы Еңбек адамдары Сұрақтарға жауап береді.

 **2-тапсырма.** Мәтінді оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Естеріңізде қандай ақпарат қалды? Қысқаша айтып беріңіздер.

Түсіндірме сөздік

шығанға шығу – бұл жерде: алысқа кету деген мағынада

Пойыз зулай алға, жер зулап артқа барады. Ақбас Алатау ғана қалар емес... Оқуды жуырда бітірген жас жігіт ой үстінде. Барар жері алыс, бірнеше мың километр, оның біразын атпен жүру керек.

Қазақ жерінің кеңдігі біресе қызық, біресе азап боп тұрды оған...

– Уа, балам, дәмге кел! – деді біреу. Артына жалт қарады. Қара сақалды қазақ ақ киізді вагонның бір жарына жайып тастап, өз үйіндей еркін отыр. Дастарқан үстінде семіз қойдың тоңазыған еті, күлше нан, бір қара торсық тұр.

– Қолыңды жуа кел, шырағым, – деп, шалдың бәйбішесі шәйнек ұсынды. Жігіт қолы түгіл, бетін жуып келді. Вагон ішін жаңа байқады. **Өр атаның ұлы түгел. Өрқайсысы өз дастарқанын жайып, өз дәстүрінше тағам жеуге кірісті...**

– Шырағым, – деді сақалды қазақ, – «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» деген еді.

– Атым – Мейрам, отағасы.

– Жол болсын. Қайдан келесің, қайда барасың?

– Алыстан келем, алысқа барам, – деп біраз мүдірді Мейрам.

– Мәскеуден шықтым. Оқуды бітіріп, Қарағандыға қызметке бара жатырмын.

– Мәскеудің оқуын бітірсең, Мәскеуде не Алматыда орын болмады ма, шырағым? Шығанға шығып барасың ғой.

– Дұрыс айтасыз, отағасы. Сол Мәскеу, Алматыда да өмірдің асты-үсті бар. Бірақ елден ерте кетіп едім. Туған жерім Қарағанды еді. Көрген түстей балалық шақ әлденелерді еске салып, қызықтыра береді...

Ф. Мұстафин. «Қарағанды» романынан

Оқушылар мәтінді тыңдайды, түсінгендерің айтады.

Айтылым.

 **3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтіндегі оқиға неден басталды?
2. Жолаушылар бір-бірімен қалай танысты?
3. Мейрам оқуды қайда бітірген?
4. Ол неліктен Қарағандыға бара жатыр?

Оқушылар сұраққа жауап береді.

Айтылым.

 **4-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдердің мағынасын ашып, өз сөздеріңізбен жеткізіңіздер.

Оқушылар мағынасын түсіндіреді.

Бұл бөліктегі тапсырмаларды орындауға 7 балл беріледі.

Жауап бер	Сабақта нені білдіңіз? Не себепті қиын, не себепті оңай болды? Сабақ сізге қандай ой салды?	Ауызша орындайды. Бұл бөлікте тапсырмаларды орындауға 3 балл беріледі.
Кері байланыс	Орындалған тапсырманы оқушы электронды пошта немесе ватсап мобильді қосымшасы арқылы жібереді.	
Үй тапсырмасы	Мәтінді талдау.	Ауызша орындаңыз.

Сау болыңыздар!

